

**"Азаматтардың кейбір санаттарына материалдық көмек ұсыну туралы" 2007 жылғы 17 шілдедегі N 24/388-III шешімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының III сессиясының 2007 жылғы 14 желтоқсандағы N 3/41-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысының әділет департаментінде 2008 жылғы 11 қаңтарда N 2468 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылғы 03 шілдедегі № 4/63-V шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2012.07.03 № 4/63-V шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына және "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына сәйкес Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты

**ШЕШІМ**

**ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Азаматтардың кейбір санаттарына материалдық көмек ұсыну туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2007 жылғы 17 шілдедегі N 24/388-III шешіміне (N 2452 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде тіркелген 2007 жылғы 7 тамыздағы N 94-95 "Дидар", 2007 жылғы 7 тамыздағы N 118 "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланды) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармағындағы төртінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"соғыс мүгедектеріне теңестірілген адамдарға";

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы шешім оның бірінші ресми жарияланған күнінен кейінгі он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2007 жылғы 01 шілдеден бастап туындаған қарым-қатынастарға таралады.";

3) аталған шешіммен бекітілген Азаматтардың кейбір санаттарына материалдық көмек ұсыну нұсқаулықтағы:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 4)-7) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындауына байланысты ауруға шалдығуы

салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар;

5) 1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украин ССР-і, Беларусь ССР-і, Литва ССР-і, Латыш ССР-і, Эстон ССР-і аумақтарында қимыл жасаған халықты қорғаушы истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндетін атқаруға кезінде жаралануы, контузия алуы немесе зақымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар;

б) басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы немесе ауруы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер;

7) Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары";

4 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы нұсқаулықтың 1 тармақтың 1)-3) тармақшасында аталған азаматтарға материалдық көмек 5000 теңге мөлшерінде ұсынылады.

Осы нұсқаулықтың 1 тармақтың 4)-7) тармақшасында аталған азаматтарға материалдық көмек 2000 теңге мөлшерінде ұсынылады."

2. Осы шешім оның ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2008 жылғы 01 қаңтардан бастап туындаған қарым-қатынастарға таралады.

*Сессия төрағасы*

*Шығыс Қазақстан облыстық*

*мәслихатының хатшысы*